ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№77 (242), қыркүйек, 2026 ж.

Әуезов университеті – кітап оқитын университет 8

Тіл үйренуге мүмкіндік – өз университетіңде! 12

Arizona State University-мен серіктестіктің жаңа кезеңі 20





Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясы өтті

Астанада Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясы өтті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, Кеңес Төрағасы қызметіне Ерлан Қошановтың кандидатурасын ұсынды.



Дауыс беру нәтижесінде Ерлан Қошанов Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа институттың елдің саяси жүйесінде айрықша орын алатынын атап өтті. Президенттің айтуынша, Қазақстан Халық Кеңесі – елдегі түйткілдерді ашық талқылап, азаматтардың ұсыныстарын сараптап, нақты шешімдер ұсынатын конституциялық мәртебесі бар консультативтік институт. Оның құрылуы қоғамдық диалогты дамытып, түрлі әлеуметтік топтарды ортақ мүдде төңірегіне біріктіруге бағытталған. Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңестің құрылуы еліміздегі саяси жүйені жаңғыртудың бір бағыты екенін айтты. Оның атауындағы «Халық» сөзі мемлекеттік биліктің бастауы әрі егемендік иесі – халық екенін білдіреді. Мемлекет басшысы бұған дейін елдік мәселелерді талқылауға Қазақстан халқы Ассамблеясы, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі және Ұлттық Құрылтай сияқты институттар атсалысқанын атап өтті. Соның ішінде Ұлттық Құрылтай аясында көтерілген бастамалардың нәтижесінде 26 заң қабылданып, тағы 10 заң жобасы қаралатынын жеткізді. Енді осы үш бірдей бірлестіктің жұмысын Халық кеңесі жалғастырады.



Президент Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуын мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту бағытындағы маңызды қадамдардың бірі дей келе, елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар жалғаса беретінін атап өтті.

Студенттік өмірдің жаңа парағы ашылды

«Денсаулық» спорт кешенінде 1 қыркүйек – Білім күніне орай 1-курс студенттеріне арналған мерекелік іс-шара өтті.

Іс-шараға ҚР Еңбек Ері Ескендіров Мұқаш Зұлқарнайұлы, Шымкент қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжехан Төлебаев, Қазақстанның Құрметті судьясы Бекет Тұрғараев және қоғам қайраткері Орынбай Рахманбердиев қатысты.



Университеттің Басқарма төрағасы – ректор Мұхтар Төлеген студенттер мен оқытушылар құрамын жаңа оқу жылымен құттықтады. Салтанатты рәсім барысында 1-курс студенттеріне студенттік билеттер мен «Білім кілті» табыстарын табыстап, ректор жастармен бірге Білім алауын жақты.

Auezov University – грант иегерлері ең көп түскен ТОП-10 университет қатарында

Жаңа оқу жылында оқу ордамызға мемлекеттік білім беру гранты бойынша 2221 талапкер қабылданып, университет грант иегерлерін ең көп қабылдаған Қазақстандағы ТОП-10 ЖОО қатарына енді.

Биыл студенттер қатарын 154 «Алтын белгі» иегері толықтырды.

Университетке бакалавриатқа – 4924, магистратураға – 258, PhD докторантурасына – 110, колледжге – 450 білім алушы қабылданды. Сонымен қатар 69 әскери борышын өтеп келген азамат студент атанса, оның 59-ы грант иеленді. 105 қандасымыз да мемлекеттік гранттпен білім алуға мүмкіндік алды.

Университетті биыл 753 шетел азаматы таңдады.



Президент кітабы – білім мен ғылымның бағдары

Университетте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» атты кітабын таныстыруға арналған тағылымды кездесу өтті.

Жиынға профессор-оқытушылар, ғылыми қауым, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты. 21 бөлімнен тұратын еңбекте заң мен тәртіп, әділеттілік, білім мен ғылым, ұлттық құндылықтар, жастар, цифрландыру және қоғамдық жауапкершілік мәселелері қамтылған.



Мұхтар Әуезов рухына тағзым

28 қыркүйек – қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама ғалымы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туған күні. Осыған орай университетте қаламгер ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімі өтті.

Шарада Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Рыскүл Құдретуллаева мен «Абайтану және Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, ф.ғ.к., доцент Ақжол Қалшабек ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы, ұлттық руханияттағы орны туралы сөз қозғады.

Жиынға профессор-оқытушылар мен студенттер қатысып, қазақ әдебиетінің заңғар тұлғасына тағзым етті.



Ғылыми кеңестің жаңа құрамы: жаңа белестер мен келелі шешімдер

Ғылыми кеңесінің жаңа құрамын сайлау бойынша жалпы жиналыс өтті. Бұл жиынның оқу орнының дамуында алатын орны ерекше. Өйткені университеттің жоғары алқалы басқару органы саналатын, 45 мүшеден тұратын Ғылыми кеңестің құрамы сайланып, алдағы жоспарлар нақтыланды. Жаңа құраммен ғылыми кеңестің кезекті отырысы болды. Онда университеттің даму перспективалары талқыланды. Жиын алдында профессор және қауымдастырылған профессор ғылыми атақтарына ие болған оқытушыларға аттестаттар, ал PhD дәрежесін алған жас ғалымдарға дипломдар табысталды.

Басқарма төрағасы-ректор Мұхтар Төлеген «Университеттің 2025–2026 оқу жылындағы қызмет қорытындылары мен алдағы даму перспективалары туралы» баяндама жасады. Онда білім беру, ғылым, халықаралық ынтымақтастық бағыттарындағы жұмыстарды саралап, алдағы кезеңнің басым міндеттерін атап өтті.



Сонымен қатар 2026 жылғы қабылдау комиссиясының жұмысы қорытындыланып, 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қаралды.

Auezov university профессорының зерттеуі беделді халықаралық журналда жарық көрді

«Жаратылыстану-ғылымдары» институтының директоры, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Нұрлан Жаңабайдың ғылыми зерттеу нәтижелері беделді халықаралық Results in Engineering (Elsevier) журналында жарық көрді. Басылым Scopus деректер базасының 88-перцентиліне және Web of Science базасының Q1 квартиліне кіреді.



Зерттеу қарқынды күн радиациясы жағдайындағы көпқабатты желдетілетін қасбеттердің термоаэродинамикалық сипаттамаларын зерделеуге арналған.

Жас ғалым – Ұлттық ғылым академиясы Президиумында

Оқу ордамыздың жас ғалымы, Ph.D., қауымдастырылған профессор Райымбеков Еркебұлан Батырбекұлы ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Жас ғалымдар кеңесі Президиумының құрамына енгізілді. Еркебұлан Батырбекұлы жасыл химия, тұрақты технологиялар, су жүйелері және қоршаған ортаны қорғау бағыттарында зерттеу жүргізіп келеді.



Eurasia Foundation (from Asia) қорынан грант



Әуезов университеті «Integration Processes of the Central Asian Countries» ғылыми-білім беру жобасын іске асыру үшін Eurasia Foundation (from Asia) қорының гранттық қолдауына ие болды. Жобаның үйлестірушісі — Тұрмышаева Арида Тұрғанбекқызы, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры. Жоба 2027 жылғы ақпан-маусым айлары аралығында Орталық Азия елдерінің интеграциясы мен ынтымақтастығына арналған оқу курсы аясында жүзеге асырылады. Жобаны іске асыруға қазақстандық және халықаралық сарапшылар мен лекторлар қатысады.

Auezov university Шымкенттегі бұқаралық марафонға белсенді қатысты



Шымкентте өткен бұқаралық марафонға 8 мыңға жуық адам қатысты. Денсаулық пен белсенді өмір салтын ту еткен бұл халықаралық спорттық шараға еліміздің әр өңірінен келген желаяқтармен бірге, әлемнің 15 елінен 500-ге жуық шетелдік қатысты. Ауқымды додадан Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің ұжымы да қалыс қалған жоқ. Оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен студенттері жарыс жолына шығып, бұқаралық спортты дамытуға өз үлестерін қосты.



Ректор белсенді жастармен кездесті

Университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Мұхтар Төлеген белсенді жастармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Еркін форматтағы жиында студенттердің бастамалары мен оқу орнының дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Бүгінде университеттің 15 студенттік ұйымында 2 мыңнан астам жас белсенді жұмыс атқарып келеді. Әуезов жастары ғылым, мәдениет, спорт, көшбасшылық және қоғамдық бағыттарда түрлі жетістіктерге жетіп, қалалық және республикалық байқауларда жүлделі орындар иеленуде.

Қабылдау науқаны қорытындыланып, үздіктер марапатталды



Биыл талапкерлерді қабылдау кезеңінде Қабылдау комиссиясының мүшелері бірнеше ай бойы аянбай еңбек етіп, талапкерлер мен ата-аналарға кеңес берді, құжаттарды қабылдап, өтініштерді қарады және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жауапты кезеңде университеттің түрлі құрылымдық бөлімдерінің мамандары да өз міндеттерін сапалы атқарды. Талапкерлерді қабылдау ісінің нәтижелі өтуіне белсенді атсалысқан 68 қызметкерге алғыс хат табысталып, сыйақы тағайындалды. Сонымен бірге өз міндеттерін ерекше жауапкершілікпен атқарып, жоғары белсенділік танытқан 5 оқытушы мен Медиа орталықтың 2 маманына арнайы алғыс хат берілді.

«Таза Қазақстан» акциясына университет жастары қатысты



Шымкент қаласында қоршаған ортаны таза ұстауға бағытталған «Таза Қазақстан» акциясы өтті. Тазалық жұмыстарына университетің профессор-оқытушылары, қызметкерлері және 300-ден астам студенті қатысты.

Іс-шара барысында қатысушылар қала аумағын абаттандырып, тазалық жұмыстарына өз үлестерін қосты. Акцияға Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков те қатысып, жұмыстардың барысымен танысты.

Журналиссимус Байдулла Қонысбек»: ғибратты ғұмыры өнеге



Білім ордасында «Журналиссимус Байдулла Қонысбек» атты конференция өтті. Тағылымды жиын «Оңтүстік» телеарнасының іргетасын қалаған көрнекті қаламгер, қоғам қайраткері Байдулла Қонысбектің 85 жылдығына арналды. Салтанатты шарада университет Басқарма төрағасы-ректор Мұхтар Төлеген мен ақын Ханбибі Есенқарақызы сөз алып, тұлғаның отандық медиа саласын дамытудағы еңбегіне жоғары баға берді. Сондай-ақ белгілі қаламгерлер мен ғалымдар халықтық мәселелерді көтерген журналистің шығармашылық мұрасын саралады.

Студенттеріміз TOURISM NEXT 2026 байқауында III орын иеленді

«Туризм» білім беру бағдарламасының студенттері TOURISM NEXT REGIONAL CHALLENGE 2026 байқауында III орын иеленді.

Астана қаласында өткен байқауға еліміздің 18 жоғары оқу орнының командалары қатысты. Университеттің 2–3 курс студенттері туристік жобасын ұсынып, туризм саласындағы білімдері мен креативті идеяларын таныстырды.

Команда жетекшілері – Халықаралық туризм және сервис кафедрасының аға оқытушылары, магистрлер Кетпен Ж.М. және Орымбасар Ж.Н. Студенттерімізді жүлделі орындарымен құттықтаймыз!



«Әділетті қоғамға – шыншыл сөз»: ұстанымдар сабақтастығын танытатын құнды еңбек

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бүгін жарық көрген «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» атты кітабы – мемлекетті басқарудағы жаңа ұстанымдарды және әділетті қоғам құрудың маңызын жан-жақты баяндайтын, елдің қоғамдық-саяси ой кеңістігін толықтырған маңызды басылым.

Кітапта Мемлекет басшысының отыз жылдан астам уақыт бойы түрлі мінберлерде айтқан ой-тұжырымдары жүйеленіп, мемлекет басқару философиясының эволюциясы мен сабақтастығы, әділетті қоғам құру арқылы өркениетті мемлекетке айналудың формуласы көрсетілген.

Кітаптың басты құндылығы – онда көтерілген мәселелердің уақыт талабымен ғана емес, ұлттық мүддемен сабақтасып жатуында. Заң үстемдігі, әділеттілік, білім мен ғылым, жастар саясаты, ұлттық бірегейлік, экология, мемлекеттік басқару сияқты өзекті бағыттар бойынша айтылған ойлар бүгінгі Қазақстанның даму бағдарына негіз болған қағидаттардың кездейсоқ емес, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан ұстанымдар екенін аңғартады.


«Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» – жай ғана қанатты сөздер жинағы емес. Ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын мемлекет қайраткерінің дүниетанымы мен саяси көзқарасын танытатын бұл танымдық еңбекте қоғамның дамуы тек мемлекеттік органдардың жұмысына ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігіне де байланысты екенін атап өтеді. Бұл өскелең жастарымыз үшін аса маңызды.

Кітаптың тағы бір маңызды қыры – қазіргі әлемдегі технологиялық өзгерістер мен жаһандық бәсекелестік жағдайында ғылым мен инновацияның ел дамуының негізгі қозғаушы күшіне айналуы тиіс екендігі дәлелді түрде көрсетілген. Бұл жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың және жас зерттеушілердің жауапкершілігін арттыра түседі.

Әділетті қоғам құру ең алдымен әділ ойдан, шыншыл сөзден және жауапты әрекеттен басталады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл кітап тәуелсіз Қазақстанның жаңа даму кезеңіндегі құндылықтарды тереңірек түсінуге жол ашатын, әр азаматтың мемлекет алдындағы ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге ықпал ететін маңызды, рухани әрі зияткерлік еңбек ретінде мемлекеттік қызметшілерге, ғалымдар мен оқытушыларға, студенттерге, жас мамандарға және еліміздің даму жолына қызығушылық танытатын барша оқырманға ой салып, сарабдал пайым жасауға мүмкіндік береді.

Мұхтар ТӨЛЕГЕН,

Басқарма Төрағасы-ректор



«Адалдық арқылы әділдікке»



Мемлекет басшысының «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» атты басылымы қоғамдағы өзекті мәселелер мен ел дамуының маңызды бағыттарын қамтиды. Осы орайда химия ғылымдарының докторы, профессор С. Назарбекова аталған еңбектің мазмұны мен маңызына қатысты өз пікірін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылдар бойы айтқан ойлары мен тұжырымдарын жинақтап, бір жүйеге біріктіретін «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» басылымы 21 тараудан тұрады және қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларын қамтыған. Бұл жинақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың көпжылдық дипломатиялық және саяси тәжірибесін көрсетеді. Оған Президенттің жылдар бойы сөйлеген сөздерінде, сұхбаттарында және кездесулерінде айтқан ойлары кірген. Сонымен қатар, басылымның ерекшелігінің бірі - материалдың форматы. Президенттің ойлары мен қорытындылары, қысқаша мәлімдемелер мен афоризмдер түрінде ұсынылған, бұл кітапты оқуды жеңілдетеді және оқырмандарға қызықты тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Жинақта ел дамуының әртүрлі кезеңдерінде айтылған мәлімдемелерді ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның қазіргі бағытын анықтайтын негізгі құндылықтардың қалыптасу жолы көрсетілген.

Кітаптың құрылымдық бөлінісіне сәйкес, әділ қоғам қалыптастыруға, құқықтық тәртіп қағидаттарын нығайтуға, ұлттық бірегейлікті сақтауға, білім беру мен ғылымды дамытуға, мәдени және рухани құндылықтарды қолдауға, цифрландыруға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға ерекше назар аударылады.

Бүгін мен «Әділетті қоғамға – шыншыл сөз» басылымының тақырыбы бойынша өз пікірімді білдіргім келеді.

Менің ойымша, әділетті қоғам құру үшін ең алдымен адамдар арасында шыншылдық пен адалдық болуы керек. Шыншылдық дегеніміз – әрқашан шындықты айту, өтірікке бармау және өз ісіңе үлкен жауапкершілікпен қарау.

Әділетті қоғам дегеніміз – әр адамның құқығы қорғалатын, адамдар бір-бірін сыйлайтын және барлығына тең мүмкіндік берілетін қоғам. Мұндай қоғамда адамдар заңды құрметтеп, бір-біріне әділ қарым-қатынас жасауы қажет.

Шыншыл сөздің қоғам үшін – мен үшін де маңызы өте зор. Себебі шындық айтылған жерде ғана сенім қалыптасады. Ал сенім бар жерде адамдар бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасайды. Мысалы, студенттер бір-біріне адал болып, яғни біздің - профессор оқытушы қауымының еңбегін құрметтесе, біздің Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде жақсы орта қалыптасатыны сөзсіз. Сол сияқты үлкен қоғамда, әр ұжымда да әр адам өз міндетін адал орындаса, әділетсіздік азаяды.

Әділетті қоғамды тек мемлекет немесе басқа адамдар келіп құрып бермейді. Оны әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Біреуді алдамау, өтірік айтпау, өзгенің еңбегін бағалау, әлсіз адамға көмектесу – әділетті қоғамға жасалған кішкентай болса да әрқайсымыздың маңызды қадамымыз екендігіне кәміл сенімдемін.

Қазіргі кезде жастардың да қоғамға қосар үлесі көп екендігі белгілі. Олар білім алып, өз құқығы бен міндеттерін біліп, адал және жауапты азамат болуға тырысуы керек. Себебі бүгінгі жастар – болашақ қоғамның негізі екендігіне біз кәміл сенімдеміз.

Өз сөзімде ұрпақтар сабақтастығының, аға буынның білімін, даналығын және өмірлік тәжірибесін сақтау мен жастарға жеткізудің маңыздылығын атап өткенді жөн көрдім.

Қорытындылай келе, мен әділетті қоғамның негізі – шындық, адалдық және жауапкершілік деп ойлаймын. Әр адам шындықты айтып, әділдікке ұмтылса, біздің қоғамымыз да біз де мейірімді, сенімді әрі әділетті болатынымыз сөзсіз.

Сәуле НАЗАРБЕКОВА,
Химия ғылымдарының докторы, профессор





AI дәуіріндегі Auezov University

Бүгінде жасанды интеллект тек бағдарламашылар мен IT саласының мамандарын ғана қызықтыратын технология болудан қалды. Ол мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін, экономика өнімділігін, білім сапасын және ғылыми-технологиялық даму қарқынын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналып келеді.

Қазақстан үшін бұл трансформацияның маңызы ерекше. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллектіні елді жаңғыртудың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде жүйелі түрде айқындап келеді. Яғни ЖИ білім беру жүйесіне, ЖИ құзыреттерін қалыптастыруға және ғылым, білім мен инновацияны ықпалдастыруға ерекше назар аударылуда.

Бұл – жоғары білім беру саласының дамуы үшін маңызды мәнге ие. Әңгіме енді жекелеген цифрлық сервистерді енгізу туралы ғана емес, бір мезгілде жаңа білім қалыптастыратын, жаңа буынның адами капиталын даярлайтын, технологиялар әзірлейтін және зерттеу нәтижелерін экономикаға қажет өнімдерге айналдыратын университеттің жаңа моделі қалыптастыру мәселесі тұр.

Цифрландырудан — жүйелі ЖИ-трансформацияға

Елімізде жасанды интеллектті дамытуға бағытталған **мемлекеттік саясат жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді**. Мәселен, 2024 жылы «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Онда деректер мен есептеу инфрақұрылымын, адами капиталды, ғылыми зерттеулерді, реттеу тетіктерін және акселерациялық бағдарламаларды дамыту негізгі бағыттар ретінде айқындалған.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы ғылым, білім, өндіріс және зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру арасындағы байланысты күшейтті. Мұндай ықпалдастық жасанды интеллект дәуірінде ерекше маңызды, өйткені ғылыми идеядан қолданбалы шешімге дейінгі жол едәуір қысқарады.

Кейіннен жасанды интеллектті қолданудың құқықтық негізі де қалыптастырылып, ЖИ жүйелерін пайдалану кезіндегі жауапкершілік, қауіпсіздік және бақылауда болу қағидаттары бекітілді.

Осы шешімдердің барлығы Қазақстанның жасанды интеллектті қысқа мерзімді технологиялық тренд ретінде емес, мемлекеттің одан әрі дамуын айқындайтын жүйе құраушы құралдардың бірі ретінде қарастыратынын көрсетеді.

Әуезов университетінің дамуындағы жасанды интеллект

Ғылыми салада ақпараттық технологиялар мамандарын инженерлік, жаратылыстану-ғылыми, аграрлық, экономикалық және гуманитарлық бағыттардағы ғалымдармен біріктіретін пәнаралық зерттеу топтарын қалыптастырудың маңызы ерекше.

Экономика мен қоғамның нақты міндеттерін шешуге бағытталған университеттік стартаптар мен студенттік жобаларды дамыту да перспективалы бағыт болып табылады.

Біз үшін жасанды интеллектті енгізу дайын шетелдік сервистерді пайдаланумен ғана шектелмей, өз құзыреттерімізді, ғылыми әзірлемелерімізді және технологиялық өнімдерімізді дамытуға байланысты болуы маңызды.

Әуезов университеті жасанды интеллект саласындағы ұлттық саясатты және AI-Sana бағдарламасын іске асыруға белсенді қатысу үшін қажетті ғылыми, білім беру және кадрлық әлеуетке ие.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында жасанды интеллект технологияларын экономиканың барлық саласына, мемлекеттік басқаруға, білім беру мен ғылымға кеңінен енгізу жөніндегі нақты тапсырма берді. Президент тапсырмасы аясында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде ЖИ-ға негізделген барлық жобаларды бір экожүйеге біріктіріп, оларды жүйелі дамытуға арналған бірыңғай Auezov AI First бастамасы қолға алынды.

Бұл жоба университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу және басқару қызметтеріне жасанды интеллект шешімдерін кеңінен енгізуге бағытталған. Қазіргі таңда экожүйе аясында бірнеше цифрлық жоба іске қосылған. Олардың қатарында университет қызметі туралы жедел ақпарат беретін Auezov Official AI Bot, студенттердің сұраныстарына жауап беретін студенттер мен талапкерлерге арналған чат-бот, құжаттарды цифрландыру және басқару үдерістерін автоматтандыратын Auezov Document, сондай-ақ университеттің әлеуметтік желілерін басқаруға негізделген Auezov KazSMM және студенттердің сабаққа қатысуын автоматты түрде бақылайтын платформалары бар.

Расында бүгінде Қазақстан университеттері алдында бірегей мүмкіндіктер терезесі ашылып отыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын цифрландырудың негізгі сұрағы мынадай еді: **«Университеттің қандай үдерістерін электрондық форматқа көшіруге болады?»** Бүгін бұл сұрақ басқаша қойылуда, ол: **«Жасанды интеллект көмегімен білім, ғылым және қоғам үшін қандай жаңа мүм-**





кіндіктер жасай аламыз?» Бұл — ойлаудың мүлде жаңа деңгейі.

Әуезов университеті үшін AI-Sana бағдарламасы мен жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясат — заманауи зерттеу университетінің дамуын жеделдетуге, білім сапасын арттыруға, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін көтеруге, жас ғалымдар мен студенттік стартаптарды қолдауға, бизнес және халықаралық серіктестермен ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Егер университет мықты іргелі даярлықты, сыни ойлауды, академиялық құндылықтарды, зерттеу мәдениетін, кәсіпкерлік тәсілді және заманауи технологияларды біріктіре алса, біз қолданыстағы еңбек нарығына мамандар даярлаумен ғана шектелмейміз. Біз **жаңа технологияларды, жаңа салаларды және жаңа мамандықтарды жасайтын мамандар** даярлай аламыз.

Сондықтан жасанды интеллект технологиялары нақты кәсіби және ғылыми бағыттармен ықпалдастырылатын **AI+X** тәсілінің болашағы зор.

Көпсалалы университеттер үшін бұл бағдарлама жаңа мүмкіндіктердің есігін ашты. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-де AI Sana бағдарламасы – университет студенттерінің ЖИ саласындағы білімі мен дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды білім беру бастамаларының бірі. Бағдарламаның бірінші кезеңінде университет бойынша 21 194 білім алушы курсты сәтті аяқтап, сертификат алды. Екінші кезеңге 8 685 студент тіркелді. Стартап-жобаларды әзірлеу кезеңінде 7 792 студент тестілеуден жоғары нәтижемен өтіп, олардың 3 791-і ресми түрде іріктелген100 мың қатысушының қатарына енді.

Яғни, бұл бастама жастарымыздың жасанды интеллект саласындағы білімін тереңдетіп қана қоймай, алған білімін нақты жобаларда қолдануына және инновациялық идеяларын жүзеге асыруына жол ашып отыр.

Еннді Әуезов университеті ары қарай да студенттер мен оқытушылардың құзыреттерін дамытып, зерттеу бастамаларын қолдап, ғылым мен өндірістің өзара байланысын нығайтып және өз технологиялық шешімдерін жасауға жағдай қалыптастыра отырып, осы трансформацияның белсенді қатысушысы болуға ниетті.

Егер бұл өзгеріс білімге, жауапкершілікке және жасампаздыққа негізделсе, жасанды интеллект цифрландырудың кезекті кезеңі ғана болып қалмайды.

Ол болашақтың зияткерлік Қазақстанын қалыптастыратын ең маңызды құралдардың біріне айналады.

Университет — өңірлік дамудың орталығы

Осы тұста өңірлік зерттеу университетте ЖИ-ді дамыту арқылы өңірдің дамуына үлес қоса алатынымызға тоқталғым келеді. Біз жасанды интеллектті аумақтың, экономиканың және қоғамның нақты мәселелерін шешуге пайдалануымыз керек.

Қазақстанның оңтүстігі агроөнеркәсіп кешені, су шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, энергетика, құрылыс, білім беру және кәсіпкерлік салаларында елеулі әлеуетке ие.

Сондықтан университеттік ЖИ жобалары өнімділікті болжауға және суды ұтымды пайдалануға, техникалық жабдықтарды диагностикалауға, энергия тиімділігін арттыруға, өндірістік үдерістерді оңтайландыруға, экологиялық мониторингке, интеллектуалды қалалық инфрақұрылымды дамытуға және басқа да практикалық міндеттерді шешуге бағытталады.

Біздің басты мақсатымыз – жасанды интеллектті тек технологиялық жаңалық ретінде емес, өңірдің нақты мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде пайдалану. Осы бағытта университет ғылымды, білімді және бизнесті біріктіре отырып, өңірдің тұрақты дамуына нақты үлес қосатын ЖИ жобаларын қалыптастыруға ұмтылады.

Жолдас БУРИБАЕВ,

Цифрлық трансформация жөніндегі проректор

AI-Sana — ең алдымен адамға салынған инвестиция

Мемлекеттік саясаттың аса маңызды бастамаларының бірі – AI-Sana бағдарламасы.

Бағдарлама студенттердің жасанды интеллект саласындағы құзыреттерін қалыптастыруға, технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға, жастар бастамаларын қолдауға және өздерінің ЖИ шешімдерін жасауға бағытталған. Алайда бағдарламаның тек сандық көрсеткіштері ғана маңызды емес.

AI-Sana бағдарламасының басты нәтижесі — университеттік білім берудің өз логикасын өзгертуінде.

Біз тек ЖИ әзірлеушілерін ғана даярламауымыз керек. Бізге өз кәсіби саласын терең білетін және сонымен қатар жасанды интеллектті тиімді қолдана алатын агрономдар, инженерлер, химиктер, экономистер, оқытушылар, заңгерлер, сәулетшілер мен зерттеушілер қажет.



ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ – КІТАП ОҚИТЫН УНИВЕРСИТЕТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: **«Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз»**, – деп атап өткен болатын.

Осы бағытта қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жобасы бүгінде еліміздің білім беру ұйымдарында кеңінен қолдау тауып келеді. Жоба Мемлекет басшысының Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда айтқан тұжырымдамалық бастамалары негізінде жүзеге асуда.

Әуезов университетінің ұжымы мен жастары да кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бұл бастаманы белсенді қолдап, ортақ іске өз үлестерін қосып келеді.

Кітап оқуға қолайлы орта

Университеттің оқу ғимараттарында студенттердің кітап оқуға қызығушылығын арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында арнайы кітап оқу бұрыштары ұйымдастырылды.

Бұл орындар студенттер үшін білім алумен қатар, кітап оқып, ой бөлісіп, рухани дамуға мүмкіндік беретін жайлы ортаға айналып келеді.

Бастаманы университеттің барлық факультеттері мен кафедраларының оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ университет басшылығы белсенді қолдауда. Әр кафедрада кітап оқу мәдениетін насихаттауға, студенттерді көркем және ғылыми әдебиеттермен жақындастыруға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

«Кітап оқитын университет» челленджі

Кітап оқуға үндеу университет көлеміндегі ортақ бастамаға ұласты. «Кітап оқитын университет» челленджі басталып, оқу орнының студенттері мен оқытушылары кітаппен бірге түскен фотолар, оқыған шығармалары туралы ой-пікірлері арқылы челленджге белсенді атсалысты.

Игі бастаманың эстафетасы өзге де жоғары оқу орындарына жолданып, кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттауға бағытталған ортақ қозғалысқа айналды.

Ақпараттық науқан

Жоба аясында университетте «Әуезов университеті – кітап оқитын университет» ақпараттық науқаны да қолға алынды.

Науқанның басты мақсаты – күнделікті кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, жастардың әдебиетке қызығушылығын арттыру және университет қауымын кітап арқылы білім мен рухани құндылықтарға жақындастыру.

Осы мақсатта әлеуметтік желілерде түрлі рубрика мен бейнематериалдар топтамасы тұрақты түрде жарияланып келеді.

«Кітап оқитын тұлға»

Кітап оқуды өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған университет оқытушылары мен қызметкерлерінің сүйікті кітаптары мен оқырмандық көзқарасы таныстырылады.

«Абайдан Әуезовке»

Қазақ әдебиетінің қос алыбы – Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасы мен рухани сабақтастығына арналған мазмұнды айдар.

«Ұстаз ұсынған 5 кітап»

Оқытушылар өздері оқып, жастарға ұсынатын бес кітапты таныстырып, әр шығарманың құндылығы туралы ой бөліседі.

«Мен оқып жүрген кітап»

Студенттер мен оқытушылардың қазіргі таңда оқып жатқан кітаптары таныстырылып, олардың оқырмандық таңдауы көпшілікке ұсынылады.



«Ректор ұсынған кітап»

Университет ректорының оқырман қауымға ұсынатын кітаптары мен әдеби шығармалар туралы ой-толғамдары топтастырылады.

Бір кітап – бір ой – бір ұрпақ

Кітап оқу – жеке адамның ғана емес, тұтас университет қауымының мәдениетіне айналуы тиіс.

Әуезов университетінде бұл бағыттағы бастамаларға басшылықтан бастап оқытушылар мен студенттерге дейінгі барлық буынның белсенді қатысуы – кітап оқуға деген ортақ ұмтылыстың көрінісі.

Бүгінде университет қабырғасында кітап оқитын студент, кітап ұсынатын ұстаз, кітапты қолдайтын басшылық – бір мақсат жолында тоғысып отыр.








Сөз саптау – саналы ұрпақтың белгісі

Тіл – адам мен адамды байланыстыратын алтын көпір, халық пен халықты жақындастыратын асыл мұра. Адамның мәдениеті мен білімі, ой-өрісі мен тәрбиесі ең алдымен оның сөйлеген сөзінен көрінеді. Сондықтан дұрыс сөйлеу, сөзді орнымен қолдану, ойды анық жеткізу – әр адамның басты міндеттерінің бірі.

Қазіргі таңда жастардың сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлу қажет. Күнделікті өмірде шет тілінен енген сөздерді орынсыз қолдану, артық сөздерді қайталау, жергілікті диалектілерді пайдалану сияқты жағдайларды жиі кездестіреміз. Мұндай әдет адамның ойын шашыратып, сөздің мәнін әлсіретеді. Ал сөз түзелсе – ой түзеледі, ой түзелсе – адам да өзгереді.

Сөйлеу мәдениеті тек сөзді дұрыс айтумен шектелмейді. Ол – сөздің мағынасын түсіну, тілдік норманы сақтау, сөйлемді дұрыс құрау, тыңдаушыға құрметпен қарау және өз ойын қысқа да нұсқа жеткізе білу. Яғни мәдениетті сөйлеу – мәдениетті адамның айнасы.



Баланың сөйлеу қабілеті отбасында басталып, балабақша мен мектепте дамиды. Ал, жоғары оқу орнында шыңдалып, өз мамандығының қыр-сырын меңгеруге, кәсіби ортада өз ойын сауатты әрі еркін жеткізуге жол ашады. Сондықтан отбасы мен білім ордасының рөлі ерекше. Оқытушы өзі сауатты сөйлеп, сөзді орнымен қолданса, білім алушы да одан үлгі алады. Сабақ барысында білім алушыға тек дайын ақпарат беріп қана қоймай, оның сөйлеуіне, ойлануына, пікір айтуына мүмкіндік берген жөн. Сұрақ-жауап, пікірталас, шығарма жазу, мәтін талдау, әңгіме құрастыру сияқты жұмыстар баланың сөздік қорын молайтып, ойын жүйелі жеткізуіне көмектеседі.

Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетіне әсер етіп отырған мәселелердің бірі – күнделікті қарым-қатынаста «короче», «типа», «вообще», «реально», «прикол», «тема», «изи», «краш», «хайп» сияқты сөздерді орынсыз араластырып қолдануы. Сондай-ақ «ок», «сорри», «спс», «пж», «норм» секілді қысқарған сөздер де жазба тілде жиі кездеседі. Мұндай сөздер достар арасындағы еркін әңгімеде кездескенімен, ресми ортада, сабақта немесе жазба жұмыста әдеби тілдің нормасына сай қолданылмауы мүмкін. Сондықтан жастар әр сөздің мағынасын түсініп, оны орнына қарай қолдануды үйренуі керек.

Ол үшін орфография, орфоэпия, пунктуация, стильдер туралы ұғымдарға көбірек назар аударылуы қажет.

Әдеби кітап оқу да тіл дамуының тиімді жолы. Көркем шығарма оқыған бала жаңа сөз үйренеді, сөйлем құраудың үлгісін көреді, сөздің қадірін түсінеді. Көп оқыған – көп біледі, көп білген – ойын еркін жеткізеді.



Оқушының сөйлеуіндегі қателіктерді де дер кезінде түзетіп отырған дұрыс. Бірақ қатені жай ғана көрсету жеткіліксіз. Оның не себепті қате екенін түсіндіріп, дұрыс нұсқасын үйрету маңызды. Сонда бала өз қатесін түсініп, келешекте қайталамауға тырысады.

Қазақ тілі – бай әрі көркем тіл. Оның сөздік қоры мол, мүмкіндігі кең. Сондықтан өзге тілдегі сөздерді орынсыз араластырмай, қазақ тіліндегі баламаларын пайдалануға ұмтылғанымыз жөн.

Әрбір білім алушы сауатты сөйлеп, сауатты жазуға талпынса, тіл мәдениеті де биіктей түседі. Сонымен қатар, тіл байлығын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі – кітап оқу. Кітапханадан көркем әдеби шығармаларды алып, жүйелі түрде оқу арқылы оқушының сөздік қоры молайып, ойлау қабілеті мен сөйлеу мәдениеті дамиды. Әрбір оқылған кітап – жаңа сөз, жаңа ой, жаңа көзқарас. Кітапхананың мүмкіндігін тиімді пайдалану – сауатты әрі мәдениетті сөйлеудің берік негізі.

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Ақпараттық білім беру орталығының кітапханашысы







Елдің энергетикалық қауіпсіздігінің негізі

Қазақстан экономикасында мұнай-газ кешені айрықша орын алады. Сала елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 20 пайызын қалыптастырып, мемлекеттік бюджет кірістерінің елеулі бөлігін және экспорттық түсімдердің басым үлесін қамтамасыз етеді. Сондықтан әлемдік мұнай нарығындағы өзгерістер Қазақстан экономикасына тікелей немесе жанама әсер етеді.

Елдің мұнай-газ кешенін дамытудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының стратегиялық даму құжаттарында айқындалған. Мұнай саясатының басты мақсаты – көмірсутектерді өндіру мен экспорттаудан түсетін экономикалық тиімділікті қамтамасыз ете отырып, энергетикалық қауіпсіздік, экология және климаттық міндеттер арасындағы тепе-теңдікті сақтау.

Әлемдік мұнай нарығындағы өзгерістер

Соңғы жылдары геосаяси шиеленістер әлемдік мұнай нарығына айтарлықтай ықпал етіп келеді. Парсы шығанағындағы жағдайдың күрделенуі мұнай тасымалының қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылықты күшейтті. Әсіресе Ормуз бұғазының маңызы зор. Бұл теңіз жолы арқылы әлемдік мұнай саудасының шамамен бестен бір бөлігі өтеді.

Аймақтағы тұрақсыздық мұнай жеткізілімдерінің бұзылу қаупін арттырып, бағаның өсуіне, соның салдарынан инфляциялық қысымның күшеюіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда мұнай экспорттаушы мемлекеттер үшін қосымша кіріс алу мүмкіндігі пайда болғанымен, импортқа тәуелді экономикалар үшін энергия және логистика шығындарының өсуі жаңа қиындықтар туғызады.

Әлемдік мұнай нарығына ықпал ететін негізгі ұйымдардың бірі – ОПЕК (Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы). Ұйымның негізгі міндеті – мүше мемлекеттердің мұнай саясатын үйлестіру, мұнай нарығындағы тұрақтылықты сақтауға ықпал ету және мұнай жеткізілімдерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету. Ал ОПЕК+ форматына ОПЕК мүшелерімен қатар, Қазақстанды қоса алғанда, басқа да ірі мұнай өндіруші мемлекеттер қатысады.

Қазақстанның мұнай әлеуеті

Қазақстанның мұнай-газ кешенін дамытудың негізгі бағыттары стратегиялық даму құжаттарында айқындалған. Бұл бағыттар «ҚазМұнайГаз» компаниясының ұзақ мерзімді даму стратегиясында да көрініс тауып, мұнай мен газды барлау және өндіру, тасымалдау, мұнай өңдеу, мұнай-химия өндірісін дамытуға бағытталған. Негізгі мақсат – елдің мұнай-газ әлеуетін тиімді пайдаланып, саланың тұрақты әрі кешенді дамуын қамтамасыз ету.

Қазақстанда 300-ден астам мұнай кен орны бар, олардың ішінде 11-і ірі, ал 3-і алып (гигант) кен орындарына жатады. Олар: Қашаған (Шығыс және Батыс Қашаған, теңіздегі мұнай-газ кен орны), Теңіз (мұнай-газ кен орны), Қарашығанақ (мұнай-газ-конденсат кен орны), Өзен (мұнай-газ кен орны), Қаламқас (мұнай-газ кен орны), Жаңажол (мұнай-газ-конденсат кен орны), Жетібай (газ-мұнай кен орны), Ақтоты (теңіздегі мұнай кен орны), Қаламқас-теңіз (теңіздегі мұнай кен орны), Қайраң (теңіздегі мұнай кен орны) және Кеңқияқ (мұнай кен орны).

Олардың ішінде өндіріс көлемі мен қорлары бойынша аса ірі үш кен орны ерекше орын алады. Олар – Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ.

Қашаған – Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі ең ірі теңіз кен орындарының бірі. Кен орны 2000 жылы ашылды. Ол Атырау қаласынан шамамен 80 шақырым қашықтықта орналасқан. Қашағанның ерекшелігі – көмірсутектердің үлкен тереңдікте, қалың тұз қабатының астында жатуы, жоғары қабаттық қысым және күкіртсутектің көп мөлшері. Кен орнындағы мұнай мен газ «Болашақ» мұнайды кешенді дайындау қондырғысына жеткізіледі.

Теңіз кен орны Атырау облысында орналасқан және 1979 жылы ашылған. Өнеркәсіптік өндіру 1991 жылы басталды. Оның дамуына Каспий құбыр консорциумының іске қосылуы маңызды серпін берді. Қазіргі кезде Теңіз Қазақстанның негізгі мұнай өндіруші нысандарының бірі саналады.

Теңіз кен орнының ашылу тарихы, геологиялық құрылысы, барлау және игеру кезеңдері



Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Н.К. Надировтың «Тенгиз – море нефти, море проблем» (Алматы: «Ғылым» ғылыми-зерттеу орталығы, 2003. – 266 б.) атты монографиясында жан-жақты баяндалған.

Теңіз кен орнының тарихында ірі техногендік апат та орын алған. 1985 жылы аса терең ұңғымалардың бірінде мұнай-газ қоспасының бақылаусыз атқылауы салдарынан үлкен өрт шықты. Өртті сөндіру жұмыстары бір жыл-

Қазақстанның мұнай-газ саласының келешегі тек табиғи ресурстардың молдығына емес, сол ресурстарды заманауи технологиялармен тиімді игере алатын білікті мамандарға да байланысты. Сондықтан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде мұнай-газ, механика және машина жасау бағыттары бойынша кәсіби кадр даярлау – елдің стратегиялық салаларының болашағымен тікелей сабақтас маңызды міндет.

дан астам уақытқа созылып, оны жоюға қазақстандық және шетелдік мамандар қатысты. Бұл оқиға мұнай өндірісіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Қарашығанақ – Батыс Қазақстан облысында орналасқан әлемдегі ірі мұнай-газ-конденсат кен орындарының бірі. Ол 1979 жылы ашылған. Кен орнының мол газ және конденсат қорлары Қазақстанның энергетикалық әлеуетінде ерекше орын алады.

Осы үш алып кен орны Қазақстанның көмірсутек өндірісінің негізгі бөлігін қамтамасыз етеді. Олардың барлығы Каспий маңы мұнай-газ провинциясындағы күрделі тұзасты құрылымдармен байланысты.

Мұнай өндірудің өзіндік құны неге әртүрлі?

Әлемнің мұнай өндіруші мемлекеттерінде көмірсутектерді өндіру жағдайы бірдей емес. Бұл мұнайдың өзіндік құнына тікелей әсер етеді.

Парсы шығанағы елдерінде мұнай кен орындарының бір бөлігі жер бетіне жақын орналасып, табиғи қабаттық қысым жоғары болғандықтан, өндіру салыстырмалы түрде арзан. Жылы климат пен теңіз порттарына жақын орналасу да шығынды төмендетеді.

АҚШ пен Канадада мұнайдың бір бөлігі дәстүрлі емес, соның ішінде тақтатас қабаттарынан өндіріледі. Мұндай өндіріс күрделі технологияларды қажет етеді және оның экономикалық тиімділігі мұнай бағасына көбірек тәуелді.

Қазақстан мен Ресейдің жағдайы өзгеше. Қазақстандағы бірқатар кен орындарында парафинді, эмульсиялы және сулануы жоғары мұнай өндіріледі. Континенттік климат пен мұнайды ұзақ қашықтыққа тасымалдау қажеттілігі де өзіндік құнға әсер етеді. Ресейде мұнайдың едәуір бөлігі Сібір мен Қиыр Солтүстік сияқты климаттық жағдайы күрделі әрі инфрақұрылымы алыс өңірлерде өндіріледі.

Осы ерекшеліктер мұнай өндіруші елдердің өндіріс көлемін реттеуге қатысты ұстанымдарына да ықпал етеді.

Тақтатас мұнайы: жаңа мүмкіндік және жаңа тәуекел

Қазақстан көмірсутек өндірісін дәстүрлі қорлармен қатар, дәстүрлі емес ресурстар есебінен де арттыра алады. Салалық деректерге сәйкес, еліміздің кейбір өңірлерінде тақтатас мұнайының елеулі қорлары бар. Мәселен, 2024 жылы Қарағансай учаскесіндегі тақтатас мұнайының қоры мемлекеттік деңгейде бекітілді. Оның геологиялық қоры 50 млн тоннадан асады.

Тақтатас мұнайын өндіруде кең қолданылатын технологиялардың бірі – қабатты гидравликалық жару. Бұл



әдіс кезінде тау жыныстарында жарықшақтар жасалып, оларды арнайы материалдар арқылы ашық күйде ұстап тұру нәтижесінде мұнайдың ұңғымаға келуі артады.

Дегенмен бұл технологияның экологиялық тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, технологиялық сұйықтықтардың жер асты суларына әсер етуі, қабаттардың тұтастығының бұзылуы және ұңғымалардың сулануы сияқты мәселелер мұқият бақылауды талап етеді. Сондықтан әр мемлекет гидравликалық жару технологиясына қатысты өз талаптары мен шектеулерін белгілейді.

Мұнай бағасының Қазақстанға әсері

Мұнай бағасының өсуі Қазақстан үшін бір жағынан қосымша экспорттық табыс әкеліп, бюджет кірістерін арттыруға және ұлттық валютаның тұрақтылығына ықпал етуі мүмкін. Екінші жағынан, энергия ресурстарының қымбаттауы инфляциялық қысымды күшейтіп, көлік және логистика шығындарының өсуіне, сондай-ақ көптеген тауарлар мен қызметтердің қымбаттауына әсер етуі ықтимал.

Сондықтан Қазақстан үшін мұнай бағасының жоғары болуы автоматты түрде тек экономикалық пайда дегенді білдірмейді. Ел экономикасының мұнай нарығындағы құбылмалылыққа тәуелділігін төмендету, өңдеу өнеркәсібін дамыту және жоғары қосылған құны бар өнім өндірісін арттыру маңызды.

Мұнай өңдеу және кадр даярлау – басты міндеттердің бірі

Алдағы 10–15 жыл ішінде мұнай мен газ Қазақстан экономикасының және энергетикалық қауіпсіздігінің негізгі тірегі болып қала береді. Мамандардың болжамы бойынша, көмірсутектерге деген әлемдік сұраныс 2050 жылға дейін өсе береді. Сондықтан еліміздің басты міндеті – табиғи ресурстық әлеуетті барынша тиімді әрі ұтымды пайдалану. Мұнай өңдеу саласын дамыту тұжырымдамасына сәйкес мұнай өңдеу қуаттарын жылына 18 млн тоннадан 29 млн тоннаға дейін ұлғайту жобаларын іске асыру жоспарлануда. Бұл К5 және К6 экологиялық кластарына сәйкес келетін жоғары сапалы мотор отындарын өндіруге мүмкіндік береді.

Мұнай-газ саласының болашағы тек кен орындарының қорына емес, оны игеретін мамандардың білімі мен кәсіби деңгейіне де байланысты. Геология, бұрғылау, мұнай өндіру, тасымалдау, өңдеу, автоматтандыру және өнеркәсіптік қауіпсіздік бағыттарында білікті кадрларға сұраныс алдағы уақытта да сақталады.

Осы тұрғыдан алғанда, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Механика, машина жасау және мұнай-газ ісі» факультетінің алдында маңызды міндет тұр. Заманауи өндірістің талаптарына сай, технологиялық өзгерістерді меңгерген, экологиялық қауіпсіздік пен өндірістік тиімділікті қатар түсінетін мамандар даярлау – саланың тұрақты дамуының негізгі шарттарының бірі.

Казим НАДИРОВ,

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,

«Мұнай-газ ісі» кафедрасының профессоры



Тіл үйренуге мүмкіндік – өз университетіңде!



Қосымша тіл үйренгіңіз келе ме? Қазақ, орыс немесе ағылшын тіліндегі біліміңізді жетілдіріп, жаңа деңгейге көтергіңіз келе ме? Алысқа барудың қажеті жоқ. Мұндай мүмкіндік өз университетімізде бар.

Мемлекеттік тілді меңгеру – кәсіби ортада еркін қарым-қатынас орнатуға ғана емес, қазақ тілінің қоғамдағы қолданыс аясын кеңейтуге де үлес қосатын маңызды қадам.

Орыс және ағылшын тілдері

Орыс тілі бойынша қазақ топтарына арналған курстар мен сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған деңгейлік сабақтар өткізіледі.

Ал ағылшын тілін үйренушілер үшін мүмкіндік одан да кең. Курстар **Beginner, Elementary, Pre-Intermediate, Intermediate және Upper-Intermediate** деңгейлері бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар **TOEFL-ға дайындық**, Speaking Club және ағылшын тілін кәсіби бағытта қолдануға арналған арнайы курстар ұйымдастырылады.

Университеттің стратегиялық даму бағдарламасы аясында 2023 жылдан бастап ағылшын тілінің Beginner және Elementary деңгейлері ақылы негізде жүргізіледі. Ал Pre-Intermediate, Intermediate, Upper-Intermediate деңгейлері мен Speaking Club тегін ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамына және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын оқытушыларға арналған ағылшын тілін оқыту әдістемесі бойынша арнайы курс ұйымдастырылады. Оқытушылардың кәсіби тәжірибесін жетілдіруге бағытталған бұл курс ақылы негізде жүргізіледі. Бұдан бөлек, көшбастылық қабілеттерді дамытуға арналған **Leadership Course** та ақылы негізде ұсынылады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде тіл үйрету, тілдік құзыреттілікті арттыру және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытында **Тілдерді дамыту бөлімі** жұмыс істейді. Бөлім университетішілік тіл курстарын ұйымдастырып келе жатқанына биыл 18 жылға аяқ басты.


Осы жылдар ішінде бөлімде қазақ, орыс, ағылшын тілдерімен қатар қытай, корей, неміс, француз, испан, итальян, араб және түрік тілдері бойынша да курстар ұйымдастырылған. Бұл – университет қабырғасында тіл үйренуге деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.



Қазіргі таңда Тілдерді дамыту бөлімінде **қазақ, орыс, ағылшын тілдері және исқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу** курстары ұйымдастырылады. Курстар университеттің профессор-оқытушылар құрамына, құрылымдық бөлімше қызметкерлеріне, магистранттар мен докоранттарға және білім алушыларға арналған.

Қазақ тілін үйренуге мүмкіндік

Қазақ тілі курстарында орыс тілді топтарға арналған сабақтар, исқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу курсы және магистратура мен докторантураға түсушілерге арналған **ҚАЗТЕСТ-ке дайындық** бағыттары қамтылған.





Тілді тек сабақта емес, ортада үйрену

Тіл үйрену тек оқулықпен шектелмейді. Сабақ барысында тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға басымдық беріледі. Заманауи оқыту әдістері мен интерактивті тапсырмалар қолданылады.



Ағылшын тіліндегі тілдік ортаны қалыптастыру мақсатында **«Movie Time», «Coffee Break», «Speaking Club»**, мерекелік іс-шаралар және тілдік ортада өткізілетін түрлі кездесулер мен пикниктер ұйымдастырылады.

Сабақтар аптасына бес рет, күніне 1 сағат 40 минуттан өткізіледі. Бір деңгейге арналған оқу курсы 2,5 ай көлемінде, жалпы 100 сағатқа жоспарланған. Сабақ кестесі тыңдаушылардың мүмкіндігіне қарай келісіледі.

Білікті оқытушылар – сапалы білімнің негізі

Тілдерді дамыту бөлімінде тәжірибелі педагогтермен қатар, шетелдік тағылымдамадан өткен, бірнеше тілді меңгерген білікті мамандар еңбек етеді. Бөлім құрамында Пәкістаннан келген мамандар, сондай-ақ «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша Америка Құрама Штаттарында тағылымдамадан өткен оқытушылар да бар. Олардың кәсіби тәжірибесі мен заманауи әдістері тіл үйренушілерге сапалы білім беруге мүмкіндік береді.

Бөлімде жыл сайын **300–400-ге жуық тыңдаушы** қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша курстардан өтеді. Курстарға қатысушылар өздерінің тілдік деңгейлерін көтеріп қана қоймай, алған білімдерін кәсіби және академиялық бағытта тиімді пайдаланып келеді.

Тіл курстарының нәтижесі де көңіл қуантады. Курстарда білім алып, тілдік деңгейін жоғарылатқан тыңдаушылар **TOEFL және IELTS** халықаралық емтихандарын сәтті тапсырып, университетіміздің Интернационалдандыру және рекрутинг департаментінің қолдауымен шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуда. Сонымен қатар кейбір түлектер жоғары оқу орнынан кейін шетелдік беделді университеттерде білімін жалғастырып, кәсіби біліктілігін арттыруда.








Курс соңында тыңдаушыларға университеттің **деңгейлік сертификаты** табысталады.

Сондықтан тіл үйренуге қызығушылық танытқан студенттер мен оқытушыларға **Тілдерді дамыту бөлімі ұсынатын мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамыз.**

Өмірде ойып алар орныңыз болғанын, өз-өзіңізге сенімді, әрі мүмкіндіктер есігі сізге ашылғанын қаласаңыздар, Тілдерді дамыту бөлімімен тілдік деңгейлеріңізді жоғарылатып, биік шыңдарды бағындырыңыздар. Сізден талап, бізден сабақ!

Ақтолқын ЖАМАНТАЕВА,

Тілдерді дамыту бөлімінің жетекшісі, п.ғ.м.



Auezov university: открывая международные возможности



Академическая мобильность, совместные программы и международный опыт как часть подготовки конкурентоспособного специалиста

Сегодня современный университет уже невозможно представить вне международного образовательного пространства. Для студентов все большее значение имеет не только то, какую специальность они получают, но и какие возможности университет может предложить им во время обучения: провести семестр за рубежом, принять участие в международном проекте, обучаться по программе двойного диплома, пройти летнюю школу, стажировку или получить опыт общения с преподавателями и студентами других стран.

В Южно-Казахстанском университете имени Мухтара Ауэзова международное сотрудничество последовательно становится частью образовательной среды. Университет расширяет географию партнерств, развивает академическую мобильность, программы обмена и совместного обучения, участвует в международных проектах и создает новые образовательные маршруты для студентов.

Мир становится ближе

Одним из наиболее востребованных направлений остается академическая мобильность. Она дает студенту возможность пройти часть обучения в зарубежном университете, изучать дисциплины по своей образовательной программе, совершенствовать иностранный язык, знакомиться с другой академической культурой и затем продолжить обучение в своем университете с признанием полученных результатов.

Сегодня география академической мобильности университета охватывает страны Европейского союза, в том числе Испанию, Германию, Бельгию, Польшу, Литву и Латвию, а также страны Юго-Восточной Азии, Китай и государства СНГ.

При этом университет использует разные механизмы поддержки студентов. Обучение за рубежом осуществляется за счет средств республиканского бюджета, финансирования самого университета, международных программ Erasmus+, партнерских программ обмена, а также собственных средств обучающихся.

В 2026 году различными форматами академической мобильности были охвачены около 400 обучающихся. Только на осенний семестр 2026-2027 учебного года 178 студентов университета едут на обучение зарубеж. Продолжается участие обучающихся и в программах Erasmus+ и других международных обменах.

Два университета - одна образовательная траектория

Еще одним важным направлением являются программы двойного диплома и совместные образовательные программы.

Такой формат позволяет объединять академические возможности двух университетов, сопоставлять учебные планы, привлекать зарубежных преподавателей и создавать для студентов образовательные траектории с международным компонентом.

ЮКУ развивает сотрудничество с зарубежными университетами по направлениям инженерии, информационных технологий, экономики, международных отношений, политологии и другим областям подготовки.

При этом подход к международным соглашениям постепенно меняется. Само количество меморандумов уже не может быть главным показателем международной деятельности. Гораздо важнее, что конкретно следует за подписанным документом: обмен студентами, совместная образовательная программа, научный проект, стажировка преподавателей или возможность получения двух дипломов.

Erasmus+: международные практики внутри университета

Международный опыт не обязательно начинается с выезда в другую страну.

Участие в проектах Erasmus+ Capacity Building in Higher Education дает возможность внедрять международные практики непосредственно в образовательную и научную деятельность университета. Преподаватели работают вместе с зарубежными коллегами, разрабатывают новые подходы, совершенствуют образовательные программы, участвуют в исследованиях и профессиональных стажировках.

В 2026 году университет приступил к реализации новых международных проектов **GreenCA** и **OPTIFY** с участием европейских и центральноазиатских партнеров. Работа в международных консорциумах позволяет обмениваться опытом, внедрять современные образовательные решения и включать университет в более широкое академическое взаимодействие.

Международная среда начинается дома

Важной частью интернационализации является и прием иностранных студентов.

В университет приезжают обучающиеся из зарубежных стран, в том числе в рамках программ академической мобильности. В 2026-2027 учебном году ЮКУ принимает студентов из Илийского педагогического университета и Синьцзянского университета Китая.

Иностранные студенты становятся частью университетского сообщества, учатся вместе с казахстанскими студентами, участвуют в образовательных и культурных мероприятиях, работают над совместными проектами.

Так постепенно международная среда формируется уже внутри самого кампуса. И для этого студенту не обязательно сразу уезжать за тысячи километров. Возможность общаться со сверстниками из других стран, работать в многонациональной команде и узнавать другие культуры появляется непосредственно в университете.

Партнерство в интересах региона

Международная деятельность университета разви-







вается и во взаимодействии с местными исполнительными органами.

Такое сотрудничество особенно важно, поскольку позволяет связывать возможности университета, зарубежных партнеров и реальные потребности города и региона. Совместно прорабатываются вопросы подготовки востребованных кадров, практико-ориентированного обучения, организации стажировок, взаимодействия с международными компаниями, реализации образовательных, научных и технологических инициатив.

В последние годы международные контакты все чаще выходят за рамки традиционной схемы «университет – университет». В совместную работу включаются местные исполнительные органы, предприятия, зарубежные компании и другие организации.

Именно взаимодействие университета, государства, образования и бизнеса позволяет перейти от переговоров к конкретным проектам, которые могут создавать новые возможности для студентов и преподавателей, а в перспективе способствовать развитию человеческого капитала региона.

Для университета важно, чтобы международное сотрудничество работало не изолированно, а было связано с задачами экономического и социального развития Шымкента и южного региона страны.

От летней школы до международной карьеры

Наряду с семестровой мобильностью развиваются и более короткие международные форматы: летние и зимние школы, студенческие форумы, исследовательские программы, краткосрочные обмены и международные студенческие лагеря.

Для многих обучающихся именно такая программа становится первым опытом участия в международной академической жизни.

Несколько недель в зарубежном университете могут стать отправной точкой для дальнейшей академической мобильности, обучения в магистратуре, участия в международном исследовательском проекте или построения профессиональной карьеры, связанной с международным сотрудничеством.

Особенно важно дать студенту возможность попробовать разные форматы и самостоятельно определить свое дальнейшее направление.

От соглашений - к возможностям

Сегодня международная деятельность университета приобретает другой смысл. Ее результат определяется не только количеством зарубежных партнеров и подписанных документов.

Главный вопрос заключается в том, какие возможности в результате этого сотрудничества получает студент.

Может ли он провести семестр в Испании или Польше? Принять участие в образовательной программе в Китае? Учиться вместе с иностранными студентами в Шымкенте? Попасть в международный проект? Получить два диплома? Пройти летнюю школу или стажировку за рубежом?

Именно ответы на эти вопросы показывают реальное содержание интернационализации.

Главная цель Южно-Казахстанского университета имени Мухтара Ауэзова - подготовка высококвалифицированных, конкурентоспособных и востребованных выпускников, способных успешно реализовать себя как на национальном, так и на международном рынке труда. Сегодня для этого уже недостаточно только профессиональных знаний. Современному выпускнику необходимы иностранные языки, цифровые и коммуникативные навыки, способность работать в международной среде, быстро адаптироваться к изменениям, мыслить самостоятельно и применять полученные знания на практике.

Именно поэтому развитие международного сотрудничества является не отдельным направлением работы университета, а важной частью повышения качества образования. Академическая мобильность, совместные образовательные программы, программы двойного диплома, международные проекты, стажировки и взаимодействие с зарубежными университетами и работодателями расширяют профессиональные возможности студентов еще в период обучения.

Университет стремится создавать такую образовательную среду, в которой каждый студент сможет не только получить качественное образование, но и сформировать компетенции, необходимые для дальнейшей профессиональной реализации. Международный опыт в этом смысле становится важным преимуществом выпускника, расширяет его кругозор, профессиональные связи и готовность работать в условиях современной экономики.

Именно поэтому международное сотрудничество для Auezov University - это прежде всего инструмент развития качества образования, расширения возможностей студентов и подготовки выпускников, способных уверенно конкурировать на современном рынке труда.





Лаура ХАСЕНОВА,

Директор департамента интернационализвции и рекрутинга, доктор PhD

ИНФО:

Если у вас есть вопросы по программе академической мобильности, подробную информацию можно получить в главном корпусе, кабинеты 134 и 136.

Instagram: @auezov_academmobility

Керімжан Сейтжанұлы Сейтжанов 80 жаста

Жаңа оқу жылында университетіміздің газетінде дәстүрлі «Түлек» айдарын жалғастырамыз. Бұл айдарда біздің білім ордасынан түлеп ұшып, бүгінде ғылымда, білімде, өндірісте, басқару саласында және қоғамдық өмірдің түрлі бағыттарында жемісті еңбек етіп жүрген түлектеріміз туралы сыр шертуді жалғастырамыз. Олардың әрқайсысының өмір жолы – кейінгі буынға өнеге, ал жетістігі – туған оқу орнының абыройы. Осы нөмірдің кейіпкері – техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері, университетіміздің түлегі Керімжан Сейтжанұлы Сейтжанов. Биыл ардақты ұстаз, ғалым 80 жасқа толып отыр.

Өндірістен ғылымға басталған жол

Керімжан Сейтжанұлы 1946 жылғы 21 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Шілік ауылында дүниеге келген. 1962 жылы «Темір» орта мектебін тәмамдап, еңбек жолын туған жеріндегі «Шілік» кеңшарында трактористі болып бастайды. Еңбекпен шыңдалған жас жігіт кейін жоғары білім алып, техникалық ғылымға бет бұрады.

1964–1969 жылдары Қазақ химия-технологиялық институтының механика факультетінде білім алып, инженер-механик мамандығын меңгереді. Студенттік жылдардан-ақ техникаға қызығушылығы мен ізденімпаздығы байқалған Керімжан Сейтжанов оқуын аяқтаған соң өзі білім алған қара шаңырақта еңбек жолын жалғастырады.

1969–1971 жылдары Қазақ химия-технологиялық институтының Машиналар мен аппараттар химиялық өндірісі кафедрасында ассистент, оқытушы болып қызмет атқарады. Ал 1971–1972 жылдары Шымкент пресс-автоматтар зауытының бас технолог бөлімінде инженер-конструктор болып, өндірістің қыр-сырын меңгереді.

1973–1976 жылдары Мәскеу химия машиналарын жасау институтының аспирантурасында білім алып, «Химия өндірісінің жоғары қысымды агрегаттарындағы берік әрі тығыз қосылыстардың жұмысына құрылымдық өлшемдердің әсерін зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды.

Ұстазымнан көрген өнеге

Менің Керімжан ағаның өмір жолына, ұстаздық болмысына қатысты өз естелігім бар. 1976–1978 жылдары мен ҚазХТИ-де студент болдым. Сол кезде Керімжан Сейтжанұлы бізге «Құрылыс материалдары өндірісінің механикалық жабдықтары» пәнінен сабақ берді.

Студент кезімізде-ақ Керімжан ағаның жаңашылдыққа жаны құмар, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, шәкірттерімен қоян-қолтық жұмыс істейтін ұстаз екенін байқадық. Ең бастысы – ол кісі студенттің мамандығын дұрыс меңгеруіне ерекше мән беретін. Бізге тек пәнді оқытып қана қоймай, болашақ маман ретінде қалыптасуымызға бағыт-бағдар беруге тырысатын.

Арнайы пәндер бойынша жобалар дайындауда, кәсіби біліміміздің терең-детуде, практикалық дағдыларымызды қалыптастыруда Керімжан ағаның кеңесі мен көмегін көп көрдік. Ол кісі әр студенттің қабілетін байқап, соны дамытуға күш салатын. Ұстаз үшін шәкіртінің жетістігі ең үлкен нәтиже екенін сол кездің өзінде сезінетінбіз.

1978–1988 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы және директордың оқу-әдістемелік әрі ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

Басшы ретінде де ұстаздық ұстанымынан айнығаң жоқ

1988–1994 жылдары Керімжан Сейтжанұлы ҚазХТИ-де факультет деканы, кешкі және сырттай оқыту жөніндегі проректор, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор қызметтерін атқарды. Осы жылдары мен де институтта оқытушы болып қызмет атқардым.

Басқару қызметіндегі Керімжан ағаның болмысы да біз білетін ұстаздық қасиеттерімен сабақтас еді. Ол қарамағындағыларға ерекше құрметпен қарайтын. Кез келген адамды мәселесімен қабылдағанда уақытқа шектеу қоймай, мән-жайын тыңдап, қолдан келгенше сол жерде шешуге тырысатын.

Оның қарапайымдылығы, іскерлігі мен шешімталдығы ұжым арасында үлкен бедел қалыптастырды. Қызметі жоғарылаған сайын адамдардан



алшақтамай, керісінше, ұжым мүшелерімен тығыз қарым-қатынаста болуы – Керімжан ағаның басшылық мәдениетінің бір ерекшелігі еді.

Ғылым мен білімді қатар алып келген ғалым

Керімжан Сейтжановтың еңбек жолы педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметпен ғана шектелмейді. Ол отандық техникалық ғылымның дамуына өзіндік үлес қосқан ғалым.

1994–1996 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Оңтүстік бөлімінде ғылыми-зерттеу институтының директоры және ғылыми хатшысы қызметтерін атқарды.

2006 жылы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің диссертациялық кеңесінде «Жылу электр орталықтары шығарындыларының әсерін анықтаудың экологиялық-технологиялық негіздері және күлді құрылыс материалдарында пайдалану» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды.

2009 жылы «Геоэкология» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағына ие болды. Сондай-ақ 2009–2010 жылдары Д.А. Қонаев атындағы Тау-кен істері институтының докторлық диссертациялық кеңесінің мүшесі болды.

Ғылыми ізденістерінде техника, экология, өндіріс және құрылыс материалдарын тиімді пайдалану мәселелерін сабақтастыра зерттеуі – Керімжан Сейтжанұлының ғылымға кең ауқымда қарайтындығын көрсетеді.





Техникалық және кәсіптік білімге қосқан үлесі

Керімжан Сейтжанұлының өмір жолындағы тағы бір маңызды белес – техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы қызметі.

1997 жылғы 15 қаңтарда конкурстық негізде Шымкент агротехникалық колледжінің директоры болып тағайындалды. Ал 2010 жылдан бастап «Оңтүстік» корпорациясының құрылтайшылығымен ашылған Инновациялық-технологиялық колледжді басқарып келеді.

Бұл қызметінде де ол өзінің негізгі өмірлік ұстанымынан – білікті маман даярлау идеясынан айныған жоқ. Өйткені елдің өндірістік-технологиялық әлеуеті ең алдымен кәсіби мамандарға байланысты. Ал кәсіби маман қалыптастыру үшін білім мен тәжірибені ұштастыра білетін оқу ортасы қажет.

Керімжан ағаның ондаған жылдар бойы жоғары және техникалық кәсіптік білім беру жүйесінде еңбек етуі – осы бағытқа деген адалдығының айғағы.

Керімжан Сейтжанұлының ғылыми-педагогикалық еңбегі нақты нәтижелерімен де бағалы. Ол:

97 ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің авторы;

2 авторлық куәлік пен 1 патенттің иегері;

2 ғылым кандидатын даярлаған ғылыми жетекші;

техника және технология, геоэкология, кәсіби білім беру салаларының білікті маманы;

2025 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі.



Марапаттары мен жетістіктері

1993 жыл – Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі төсбелгісі;

1996 жыл – ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Құрмет грамотасы;

1999, 2014 жылдар – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаттары;

2001, 2007 жылдар – Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттары;

1999, 2002, 2003, 2005, 2013 жылдар – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хаттары;

2003, 2004, 2005 жылдар – Шымкент қаласы әкімінің Алғыс хаттары;

2005 жыл – «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі;

2006 жыл – «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі;

2008 жыл – «Құрмет» ордені;

2013 жыл – «Батыр шапағаты» медалі;

2015 жыл – «Сауап» медалі;

2016 жыл – «Экономика мақтанышы» ордені және «Сала жетекшісі» ұлттық сертификаты;

2018 жыл – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы;

2018 жыл – «Астанаға 20 жыл» мерекелік медалі.

Керімжан Сейтжанұлы Сейтжановтың еңбек жолы – ауылдағы қарапайым еңбекпен басталып, жоғары мектепке, ғылымға, басқару ісіне және техникалық кәсіптік білім беру саласына ұласқан тағылымды жол.

Оның өмірбаянындағы әр кезеңнен еңбекқорлықты, ізденісті, білімге деген құштарлықты және елге қызмет етуді көруге болады.

Ал біз, шәкірттері үшін Керімжан аға – ең алдымен ұстаз. Студенттің тілін түсінетін, оның кәсіби қалыптасуына алаңдайтын, жаңашылдыққа ұмтылатын, шәкіртке білгенін аямай үйретететін ұстаз.

Осындай азаматтың шәкірті болғанымды әрдайым мақтан тұтамын.

Керімжан ағаның 80 жылдық мерейтойы – бір адамның ғұмыр белесі ғана емес, ұстаздық пен ғылымға, білім мен еңбекке арналған ұзақ жолдың қорытындысы.

Керімжан Сейтжанұлына зор денсаулық, отбасына амандық, еңбегіне толағай табыс тілей отырып, шәкірттерінің құрметі мен ізгі тілегі әрдайым өзіне серік болсын демекпіз.

Болатжан СЕРІКБАЕВ,
«Механика және машинажасау»
кафедрасының доценті

Сен де Әуезов белсендісі бол



Университетте тек сабақпен шектелмей, өз қызығушылығыңа сай орта тауып, түрлі жобаларға қатысып, идеяларыңды жүзеге асырғың келсе, Жастар орталығының есігі ашық. Мұнда студенттерді біріктіретін 18 студенттік ұйым жұмыс істейді. Ал әр факультет пен жоғары мектепте университет өміріне белсенді араласатын студенттер командасы қалыптасқан.

Жастар орталығы – студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, олардың шығармашылық, зияткерлік, көшбасшылық және қоғамдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін орта. Мұнда пікірсайыс пен журналистикадан бастап, өнер, спорт, волонтерлік, экология, кітап оқу және әлеуметтік кәсіпкерлікке дейінгі түрлі бағыт қамтылған.

Сондықтан университетке жаңадан келген студент үшін ең маңызды сұрақтардың бірі – «Мен өзімді қай бағытта көргім келеді?» болса, оған жауап табуға көмектесетін мүмкіндіктер Жастар орталығында жеткілікті.

Жастар орталығының жұмысында бір маңызды ұстаным бар: әр студенттің бойында ашылмаған мүмкіндік бар, ал университеттің міндеті – сол мүмкіндіктің жүзеге асуына жағдай жасау.

«Әуезов белсендісі» кім?

Университеттегі белсенділік тек іс-шараларға қатысумен шектелмейді. «Әуезов белсендісі» – өз білімін жетілдіруге ұмтылатын, жаңа идея ұсынатын, өз ортасына бейжай қарамайтын және қоғамға пайда әкелуге талпынатын студент.

Бір студент пікірсайыста өзін танытса, екіншісі сахнада, үшіншісі спортта, төртіншісі медиада немесе волонтерлік бағытта қабілетін аша алады. Ал кейбірі студенттік ұйымға жетекшілік етіп, қатарластарын ортақ жобаға жұмылдырады.

18 ұйым – 18 мүмкіндік

Жастар орталығының құрамындағы студенттік ұйымдар әртүрлі қызығушылықты қамтиды. Олардың әрқайсысы жаңа орта, тәжірибе және өз қабілетіңді сынауға мүмкіндік береді.

Студенттік Құрылтай – студент дауысының ортақ алаңы

Университеттегі студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің жаңа форматы – Студенттік Құрылтай. Ол бұрынғы Студенттік Парламенттің тәжірибесін жалғастырып, студенттердің ұсыныстары мен мәселелерін ортақ алаңға шығаруға бағытталған.

«Құрылтай» атауының таңдалуы да мәнді. Қазақ халқының тарихында құрылтай ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер талқыланып, ортақ шешім қабылданатын алқалы жиын ретінде белгілі. 2026 жылдан бастап еліміздің заң шығарушы органының бір палаталы Құрылтай форматына көшуі де осы тарихи атаудың заманауи институционалдық мазмұнын айқындай түсті. Осы идеялар университеттегі Студенттік Құрылтайдың негізіне де алынып отыр.

Құрылтай құрамына факультеттер мен жоғары мектептерден сайланған студент өкілдері кіреді. Оның жұмысы академиялық мәселелер, қоғамдық даму, спорт және мәдениет, ұйымдастыру бағыттарын қамтиды. Студенттік омбудсмен жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал етеді.



Төрағасы – Тұрғанбек Рамазан Бахтияруұлы.

«AQIQAT» пікірсайыс орталығы студенттерді ойды жүйелеуге, дәлелдеуге және көпшілік алдында сөйлеуге үйретеді. Орталық 2002 жылдан бері жұмыс істеп, түрлі деңгейдегі пікірсайыс турнирлерін ұйымдастырып келеді. *Төрағасы – Бегимбетов Жантөре Тастанұлы.*



«Жастар Рухы» қоғамдық, волонтерлік және командалық жобалар арқылы азаматтық белсенділікті арттыруға бағытталған.



Төрағасы – Әбдраман Даниал Болатұлы.

«Достық» студенттер ассамблеясы түрлі этнос өкілдерін біріктіріп, мәдениетаралық байланысты нығайтады.



Төрағасы – Айбек Шахзода Сарварқызы.

ZHAS MEDIA – мобилография, SMM, фото-видео және визуализацияға қызығатын студенттердің тәжірибелік ортасы.



Төрағасы – Өтеген Айару Мұсабекқызы.

BesAspap жас өнерпаздардың шығармашылығын дамытуға, сахна тәжірибесін жинауға мүмкіндік береді.



Төрағасы – Бейсенбек Ақжүніс Ерболқызы.

Қазақстан студенттер Альянсы студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және жастардың университет өміріне белсенді араласуына жағдай жасайды.



Төрағасы – Мұрат Әсел Болатқызы.

IQUP кітап оқуды, пікір алмасуды және интеллектуалдық дамуды насихаттайтын оқырмандар клубы.



Төрағасы – Қайназар Жанель Алдабергенқызы.

«Тұмар» қыздар клубы ұлттық құндылықтар мен тұлғалық дамуды ұштастырып, қыздардың шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін қолдайды.



Төрағасы – Шукуратулла Мадина Берікқызы.

Enactus Auezov әлеуметтік кәсіпкерлікке қызығатын жастарға идеяны жобаға айналдырып, оны жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



Төрағасы – Таскулов Нуршат Бахтияруұлы.

Motion би өнеріне қызығатын студенттерді біріктіріп, шығармашылық және сахналық қабілеттерді дамытады.



Төрағасы – Омарбек Аяулым Бауыржанқызы.

Student Journalism Center (SJC) журналистикаға қызығатын жастарға сұхбат, репортаж, подкаст және фото-видео бағыттарында тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.



Төрағасы – Сәрсенбай Айдана Ертуғанқызы.

Green Mind экологиялық мәдениетті қалыптастырып, студенттерді қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларға тартады. *Төрағасы – Сүлетбек Ақерке Маратқызы.*

Жастар орталығында «Сана» психологиялық клубы, Unity халықаралық студенттер клубы, Wikipedia клубы, Auezov Cyber және Forward жас кәсіпкерлер клубы да жұмыс істейді.

Олар психологиялық сауаттылық, мәдениетаралық байланыс, ашық білім, цифрлық технология және кәсіпкерлік бағыттарын қамтиды. Бұл ұйымдардың жаңа оқу жылындағы жетекшілік құрамы әлі қалыптасу үстінде. Сондықтан осы бағыттарға қызығатын студенттер ұйым жұмысына белсенді араласып, көшбасшылық құрамнан да көріне алады.

Өз факультетіңнің белсенділеріне қосыл!

Жастар орталығындағы ұйымдармен қатар, университеттің 13 факультеті мен жоғары мектебінде студенттік белсенділер командалары жұмыс істейді.

Студенттік Құрылтай депутаттарының айналасына топтасқан жастар өз факультетінің ерекшелігіне сай интеллектуалдық сайыстар, кәсіби кездесулер, спорттық жарыстар, шығармашылық кештер, қайырымдылық және қоғамдық жобалар ұйымдастырады.

Сондықтан бірінші курс студенттері де факультет белсенділерінің қатарына қосылып, жаңа жоба ұсынып, университет өміріне араласа алады.

Жастар орталығының жұмысы студенттік ұйымдармен ғана шектелмейді. Орталық жыл бойы білім, мәдениет, спорт, шығармашылық, волонтерлік және қоғамдық бағыттарды қамтитын түрлі ауқымды жобалар мен іс-шаралар ұйымдастырады. Сонымен қатар студенттер оқу-танымдық сапарлар аясында Қазақстанның түрлі өңірлеріне шығып, жаңа орындармен танысып, тәжірибе жинақтап, жаңа орта қалыптастырады.

Жастар орталығы – дайын орта ғана емес, өз ортаңды қалыптастыруға мүмкіндік беретін алаң. Ең бастысы – бастама көтеруден қорықпау. Мүмкін, университеттегі алғашқы жобаңа қатысуың болашақтағы үлкен мүмкіндіктің бастамасы болар.

Ерасыл АНАРХАНҰЛЫ,

Жастар орталығының директоры

Қатарымызға қосыл!

Жастар орталығына қарасты ұйымдардың біріне мүше болғыңыз келсе немесе өз факультетіңіздің белсенділер қатарына қосылғыңыз келсе, Жастар орталығына хабарласыңыз.

Мекенжайы: Бас ғимарат, 108-кабинет

Тел: +7 707 172 5176

Instagram: @jastaroqu



Arizona State University-мен серіктестіктің жаңа кезеңі

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетіне Arizona State University (ASU) Жаһандық академиялық бастамалар кеңсесінің жаһандық серіктестіктерді дамыту жөніндегі директоры Кристофер Джонсон жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында ASU өкілі университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Мұхтар Төлегенмен және университет өкілдерімен кездесіп, стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Негізгі назар ASU-мен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан Honors College жобасына және бұған дейінгі уағдаластықтарды іске асырудың келесі қадамдарына аударылды. Кристофер Джонсон Информатика кафедрасының оқытушылары мен магистранттарымен кездесіп, академиялық ынтымақтастық пен бірлескен білім беру бастамаларын сөз етті. Сонымен қатар Universiti Putra Malaysia университетінің шақырылған профессорларымен пікір алмасып, халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндіктері қарастырылды. Кездесу қорытындысында университеттер арасындағы өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған жаңа ұсыныстар мен алдағы бірлескен жұмыстың басым бағыттары айқындалды.



Auezov university мен қытайлық серіктестер бірлескен жобаларды кеңейтуде

Қытайдың Сиань қаласындағы Солтүстік-Батыс саяси ғылымдар және құқық университетінің делегациясымен кездесу өтті. Тараптар білім, ғылым, академиялық ұтқырлық, бірлескен білім беру бағдарламалары және бизнеспен байланыс бағыттарындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады. Кездесуде Auezov University, Солтүстік-Батыс саяси ғылымдар және құқық университеті және «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы бірлесіп құрған «Бір белдеу, бір жол» бизнес-ортаны дамыту жөніндегі Қытай орталығының алдағы қызметіне ерекше назар аударылды. Орталық Қазақстан мен Қытайдың университеттері, сарапшылары және бизнес өкілдері арасындағы өзара байланысты нығайтуға, компанияларға сараптамалық қолдау көрсетуге, бірлескен зерттеулер жүргізуге және мамандар даярлауға бағытталмақ. Сонымен қатар студенттер алмасуын кеңейту, оқытушылар алмасуын дамыту, бірлескен зерттеулер мен ғылыми жарияланымдарды арттыру мәселелері сөз болды. Кездесу қорытындысында тараптар 2026–2027 жылдарға арналған нақты ынтымақтастық жоспарын әзірлеуді жалғастыруға уағдаласты.

Қытай университетімен бірлескен жаңа білім беру бағдарламасы іске қосылды

2026–2027 оқу жылынан бастап Қытайдың Солтүстік Қытай электр энергетикасы университетімен (North China Electric Power University) бірлескен 6B07152 «Электр энергетикалық жүйелер инженериясы» білім беру бағдарламасы іске қосылды. Бакалавриат бағдарламасы 3+1 моделі бойынша жүзеге асырылады: студенттер алғашқы екі жылды Auezov University-де, үшінші курсты Қытайдағы серіктес университетте оқып, төртінші курста өз университетіне оралады. Бағдарламаға алғашқы студенттер қабылданып, білім алуды бастады.

UPM ғалымдары тәжірибесімен бөлісті

Университетімізде шетелдік мамандарды дәріс беру қызметіне тарту бағдарламасы аясында университеттің стратегиялық серіктесі —Путра Малайзия университетінің 6 жетекші ғалымы келді.

Путра Малайзия университеті QS World University Rankings 2027 рейтингінде 138-орынды және QS Asia University Rankings 2026 рейтингінде 22-орынды иеленіп, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының қатарына кіреді.

Шетелдік мамандар студенттер, магистранттар, докторанттар және профессор-оқытушылар құрамы үшін ақпараттық технологиялар, информатика, азық-түлік қауіпсіздігі және ақпараттық жүйелер бағыттары бойынша дәрістер, семинарлар, шеберлік сыныптары мен ғылыми консультациялар өткізуде.

Италиямен жаңа серіктестік бағыттары

Оқу ордамызда Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен Итало-Қазақстан сауда қауымдастығы АСІК делегациясымен кездесу өтті. Қауымдастық Президенті Марко Беретта бастаған делегациямен кездесуде университет, итальян-





дық бизнес және өнеркәсіптік компаниялар арасындағы ынтымақтастық перспективалары талқыланып, білікті кадрлар даярлау, тәжірибеге бағытталған оқыту, магистранттарға тағылымдамалар ұйымдастыру және бірлескен ғылыми-технологиялық жобаларды іске асыру мәселелеріне басымдық берілді. Тараптар тұрақты авиациялық биоотын (SAF) саласында мамандар даярлау, ғылыми зерттеулер жүргізу және білім алушыларды практикалық жобаларға тарту бағытындағы ынтымақтастықтың әлеуетін атап өтті. Auezov University-дің химия, мұнай-химия, инженерия, энергетика, биотехнология және экология бағыттарындағы ғылыми-білім беру әлеуеті бұл бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні айтылды. Кездесу барысында



ACIK құрамындағы Maire Tecnimont, Ansaldo Engineering, Allied Group, UFI Filters және басқа да компаниялармен өзара іс-қимыл мүмкіндіктері қарастырылды.



178 студент шетелде білім алады

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 178 студенті биыл күзгі семестрде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік жоғары оқу орындарында білім алады. Осыған орай университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Мұхтар Төлеген шетелге жол тартатын жастармен кездесіп, олардың сапарына сәттілік тіледі. Жүздесуге бұған дейін шетелде білім алып, елге оралған және қазір оқуын шетелде жалғастырып жүрген студенттер де қатысып, тәжірибелерімен бөлісті. Биыл Әуезов университетінің студенттері Германия, Польша, Бельгия, Түркия, Қытай, Әзербайжан, Испания, Латвия, Ресей сынды елдерде білім алады. Университет сыртқы академиялық ұтқырлықты қолдауға биыл бюджеттен тыс қаражат есебінен 62 млн теңге бөлді. Сонымен қатар студенттерге Erasmus+, халықаралық алмасу бағдарламалары, жазғы мектептер, бірлескен білім беру және қос дипломды бағдарламаларға қатысу мүмкіндігі ұсынылады.





Мұхтар Әуезов

Шыңғыстың аспанынан таң атқанда,
Қасқабұлақ тербелген даласында.
Қазақтың қара сөзін қасиет тұтқан,
Бір сәби дүниеге келді — данасына.

Тамыры терең жатқан текті елдің,
Шежіре боп сыр шерткен әр белінен.
Абайдың ақылынан нәр алғандай,
Мұхтар өсті даланың төрінде кең.

Семейдің самалынан сыр ұққандай,
Абайдың әрбір сөзін жүрекке алды.
Даланың дара үнін қағазға өріп,
Қазақтың қазынасын жыр қып жазды.

Абай болып басталған сол бір дастан,
Ғасырлардың қойнауын аралады.
«Абай жолы» — қазақтың өз шежіресі,
Ұрпақтарға мұра болып таралады.

Бір дәуірдің қуанышы, мұңын жазып,
Бір халықтың болмысын кең танытты.
Әуезовтің қаламынан туған әлем
Ұлт рухының төрінен орын тапты.

Қазақтың бар болмысын жырға қосты,
Ғасырлар сырын теріп, нұрға қосты.
Ұлт рухын ұлықтаған ұлы есім боп,
Қазақпен бірге мәңгі жасап өсті.

Мәшһүр болып бар қазаққа танылған,
Қоржынынан бар мұрамыз табылған.
Халық айтқан әр мұрасын сақтаумен,
Жинақ еткен кітап етіп қолынан.

Бесік жыры, тұсау кесер бәрі бар,
Ізденгенін бұл жинақтан табылар.
Батасы мен айтысын да ұмытпай,
Бабалардың өз аузынан алынар.

Бұқар жайлы іздеп жерді шарлаған,
Бар мұрасын ұрпағына жолдаған.
Келешекке жолды дұрыс нұсқаумен,
Өз өмірін өзі біліп болжаған.

Бір бойында табылады бар талап,
Өзі жинап, өзі тұрған қалалап.
Бай мұрасы қазағымның бүгінде,
Бізге жеткен «Қара месспен» арқалап.

Бабаларым бізге сақтап мұрасын,
Ұрпақтары зор көшмет құрасын.
Байқап түсіп ұлы баба ізіне,
Ұрпағы боп мақтанышпен тұрарсың.

Айдана СӘРСЕНБАЙ,
Фи24-11к1 тобының студенті

Мәшһүр Жүсіпке арнау

«Алдыма өлең жаз деп қағаз келген,
Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген».
Деп бастар Мәшһүр Жүсіп атамыздың,
Мен де ақын ізімін соңынан ерген.

Тәлім ап өнересін жастай ерген,
«Қара мес» жинағынан бәрін көрген.
Қабыл ал ақын жайлы бұл жырымды,
Сөз арасын көңілмен жинап терген.

Өмір жайлы көп толғаған жырымен,
Ой бөлісіп жырда жазған сырымен.
Салт-сананы саралаған ұғынып,
Ұлтым деген, елім деген үнімен.



Меншік иесі: Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрілігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.

Редакциялық кеңес:
Төлеген Мұхтар Әділбекұлы - М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы - ректор
Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

Медиа орталығының басшысы: **Турлыбекова Эльмира Жапарбековна**
Университет газеті редакторы: **Әлия Әділбек**
Дизайнер: **Заббарова Наиля Ринатовна**
Редакция мекенжайы: **Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,** gazeta@auezov.edu.kz